## "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 41-ө Өкімі

1. Қоса беріп отырған "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі:

1) орталық атқарушы органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 1 наурыздағы
N 41-ө өкімімен
бекітілген

**"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

| р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Аяқталу нысаны | Орындау мерзімі | Жауапты орын-даушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнама-сын облыстың (республи-калық маңызы бар қала-ның, астананың) жергі-лікті атқарушы органда-рының сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесі | Қазақс-тан Респуб-ликасы Үкіметі-нің қаулысы | 2006 жылғы сәуір | ТМРА |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Салалық техникалық және технологиялық нормаларды, сондай-ақ нормативтік техникалық шығындарын қарау және бекіту ережесі | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2006 жылғы сәуір | ТМРА (жинақтау) ЭМРМ ККМ АШМ АБА |
| 3 | "Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 376 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2006 жылғы наурыз | ТМРА (жинақтау) ЭМРМ ККМ АШМ АБА |
| 4 | Қаржылық және (немесе) техникалық сараптама жүргізу ережесі | ТМРА-ның бұйрығы | 2006 жылғы наурыз | ТМРА |
| 5 | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 маусымда N 2373 нөмірмен тіркелген "Табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 маусымдағы N 149-НҚ бұйрығына толықтыру енгізу туралы | ТМРА-ның бұйрығы | 2006 жылғы наурыз | ТМРА |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 сәуірде N 2256 нөмірмен тіркелген "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметалар бекіту жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 82-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ТМРА-ның бұйрығы | 2006 жылғы наурыз | ТМРА |
| 7 | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 тамызда N 2438 нөмірмен тіркелген "Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ТМРА-ның бұйрығы | 2006 жылғы наурыз | ТМРА |

Ескертпе:

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК